

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 148 шешімі

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану"

ортақ процесіне қосылу рәсімін орындау мерзімі осы Шешім күшіне енген күннен бастап 9 айдан аспайды деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2019 жылғы 2 қыркүйектегі
№ 148 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мына актілерге сәйкес әзірленген:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарт;

Кеден одағы Комиссиясының "Кедендік құжаттарды толтыру үшін пайдаланылатын сыныптауыштар туралы" 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ортақ процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректерді электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестер тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді іске асыру тәртібін бекіту туралы" 2016 жылғы 19 желтоқсандағы № 169 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін жүргізу туралы" 2018 жылғы 6 наурыздағы № 35 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін іске асыру қағидаларын бекіту туралы" 2018 жылғы 30 қазандағы № 174 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесі (бұдан әрі – ортақ процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы ортақ процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Ортақ процеске қатысушылар осы Қағидаларды ортақ процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ ортақ процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынаны білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"авторландыру" – ортақ процеске белгілі бір қатысушыға белгілі бір іс-қимылды орындауға құқық беру;

"зияткерлік меншік объектісі" – авторлық құқық объектісі, аралас құқықтар объектісі, тауар белгісі (қызмет көрсету белгісі);

"ортақ процестің ақпараттық объектісінің жай-күйі" – ақпараттық объектінің тіршілік циклінің белгілі бір сатысында оны сипаттайтын, ортақ процесс операцияларын орындаған кезде өзгеретін қасиеті;

"орталық кеден органдары" – мүше мемлекеттердің Еуразиялық экономикалық одақтың кеден ісі саласында уәкілеттік берілген мемлекеттік органдары.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "бірыңғай тізілім", "өтініш беруші", "өтініш", "қамтамасыз ету" және "міндеттеме" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 6 наурыздағы № 35 шешімімен бекітілген

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін жүргізу регламентінде (бұдан әрі – Регламент) айқындалған мағыналарда қолданылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "ортақ процесс рәсімдерінің тобы", "ортақ процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "ортақ процесс операциясы", "ортақ процесс рәсімі" және "ортақ процеске қатысушы" деген ұғымдар Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ортақ процестерді талдау, оңтайландыру, үндестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мағыналарда қолданылады.

IV. Ортақ процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Ортақ процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Ортақ процестің кодтық белгіленімі: P.SP.01, нұсқа 1.0.0.

1. Ортақ процестің мақсаты мен міндеттері

7. Ортақ процесті іске асырудың мақсаты Регламентке сәйкес бірыңғай тізілімнің мәліметтерін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану негізінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің (бұдан әрі – мүше мемлекеттер) кеден органдарының зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды тиімді қорғауды қамтамасыз етуі болып табылады.

8. Ортақ процестің мақсаттарына қол жеткізу үшін мына міндеттерді шешу қажет:

1) өтініш беруші мен Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі Комиссия) арасында мына процестерде ақпараттық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету:

зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу үшін мәліметтер беру;

бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу үшін, соның ішінде қорғау мерзімін ұзарту мақсатында мәліметтер беру;

зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау үшін мәліметтер беру;

2) зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу үшін өтініш беруші берген мәліметтерді қарау процесінде, сондай-ақ орталық кеден органдарын бірыңғай тізілімге енгізілген өзгерістер (толықтырулар) (зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу, зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау, зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтерді өзгерту (толықтыру)) туралы хабардар ету мақсатында Комиссия мен орталық кеден органдарының ақпараттық өзара іс-қимылын іске асыруды қамтамасыз ету;

3) бірыңғай тізілім мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз ету, сондай-ақ бірыңғай тізілімнің жарияланатын мәліметтерін сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларға және басқа да мүдделі тұлғаларға, соның ішінде олардың ақпараттық жүйелерінен түскен сұрату бойынша беру;

4) өтініш беруші мен Комиссия, Комиссия мен орталық кеден органдары арасында электронды құжаттар алмасуды іске асыруды қамтамасыз ету;

5) ортақ процесс пен іске асырылуы Тізбенің IV бөлімінің 22-тармағында көзделген "Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін тіркеу, құқықтық қорғау және пайдалану" ортақ процесінің Одақтың тіркелген тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері туралы өзекті ақпарат және аталған тіркеуді растайтын құжаттар туралы ақпарат беру бөлігіндегі интеграциясын қамтамасыз ету.

2. Ортақ процеске қатысушылар

9. Ортақ процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Ортақ процеске қатысушылардың тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Еуразиялық экономикалық комиссияның зияткерлік меншік саласындағы мәселелер құзыретіне жататын, бірыңғай тізілімді жүргізуге, соның ішінде өтініш берушілерден өтініштер мен арыздар қабылдауға, оларды уәкілетті органдарға беруге, зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы немесе зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы шешім қабылдауға, бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы шешім қабылдауға, зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау туралы шешім қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі
		мүше мемлекеттің зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу үшін өтініш беруші берген мәліметтерді қарау кезінде, бірыңғай тізілімге енгізілген өзгерістер (толықтырулар) (зияткерлік меншік объектілерін

P.SP.01.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	бірыңғай тізілімге қосу, зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау, зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтерді өзгерту (толықтыру)) туралы мәліметтер алған кезде Комиссиямен ақпараттық өзара іс-қимыл процестеріне қатысатын орталық кеден органы
P.SP.01.ACT.002	өтініш беруші	құқық иеленуші заңды немесе жеке тұлға (зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқығы бар тұлға) немесе құқық иеленушінің (бірнеше құқық иеленушінің) мүддесін білдіретін және Комиссияға өтініш, арыз беретін мүше мемлекеттердің біреуінің аумағында тұрақты орналасқан (тіркелген) жері бар тұлға
P.SP.01.ACT.003	мүдделі тұлғалар	өз қызметінде бірыңғай тізілімнің мәліметтерін өз мүддесінде пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға

3. Ортақ процестің құрылымы

10. Ортақ процесс өздерінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- 1) бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- 2) бірыңғай тізілімді пайдалану рәсімдері.

11. Ортақ процесс рәсімдерін орындау кезінде әр мүше мемлекетте қорғалатын зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтерді қамтитын бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу жүзеге асырылады.

Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу кезінде бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына қосылған ортақ процестің мынадай рәсімдері орындалады:

- зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу;
- өтініш берушінің бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы арызын қарау;
- бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу;
- қорғау мерзімін ұзарту;
- өтініш берушінің арызы негізінде зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау;
- өтініш берушінің арызына байланысы жоқ негіздер туындаған кезде зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау;

тауарлардың айналымына жататын мәліметтерді (Регламенттің 45-тармағында айқындалған мәліметтерді) өзгерту (толықтыру).

Бірыңғай тізілімді пайдалану кезінде бірыңғай тізілімді пайдалану рәсімдерінің тобына қосылған ортақ процестің мынадай рәсімдері орындалады:

тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы немесе бірыңғай тізілімнің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу;


бірыңғай тізілімге енгізілген өзгерістер (толықтырулар) туралы ақпарат алу;

тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің өзгерістері (толықтырылуы) туралы ақпарат алу;

бірыңғай тізілімнен үзінді көшірме алу;

мүдделі тұлғалардың сұратуы бойынша бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу.

12. Ортақ процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Ортақ процестің құрылымы

13. Ортақ процесс операцияларының мұқият сипаттамасын қоса алғанда, өзінің мақсаты бойынша топтастырылған ортақ процесс рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін ортақ процесс рәсімдері мен оларды орындау тәртібі арасындағы байланысты көрсететін жалпы схема келтіріледі. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотациясын пайдалана отырып жасалды және мәтіндік сипаттамамен жабдықталды.

4. "Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдер тобы (P.SP.01.PGR.001)

15. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері өтініш берушіден Комиссияға тиісті өтініштер мен арыздардың түсу шамасына қарай орындалады.

Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау кезінде мәліметтер беру Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2

қыркүйектегі № 148 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматтары мен құрылымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 148 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" ортақ процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Форматтар мен құрылымдардың сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Комиссияға өтініш түскен кезде "Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу" (P.SP.01.PRC.001) рәсімі орындалады, оның нәтижесінде Комиссия зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосу туралы шешім қабылдайды, өтініш беруші мен мүше мемлекеттің уәкілетті органына тиісті хабарлама жіберіледі немесе өтініш берушіге объектілерді бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

Комиссияға өтініш берушіден бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы арыз түскен кезде "Өтініш берушінің бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы арызын қарау" (P.SP.01.PRC.002) рәсімі орындалады, оның нәтижесінде Комиссия бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы шешім қабылдайды немесе бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізуден бас тартылған жағдайда өтініш берушіге бұл туралы хабарлама жіберіледі.

Өтініш берушінің бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы арызын қарау нәтижесі бойынша Комиссия бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы шешім қабылдаған кезде, сондай-ақ техникалық сипаттағы түзетулер енгізу қажеттігі анықталған кезде "Бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу" (P.SP.01.PRC.003) рәсімі орындалады, оның нәтижесінде бірыңғай тізілімдегі зияткерлік меншік объектісі туралы мәліметтер өзгертіледі (толықтырылады), өтініш беруші мен уәкілетті органға бұл туралы хабарлама жіберіледі

Комиссияға өтініш берушіден зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау мерзімін ұзарту туралы арыз түскен кезде "Қорғау мерзімін ұзарту" (P.SP.01.PRC.004) рәсімі орындалады, оның нәтижесінде зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды

қорғау мерзімі ұзартылады, өтініш беруші мен уәкілетті органға бұл туралы хабарлама жіберіледі не өтініш берушіге қорғау мерзімін ұзартудан бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.


Комиссияға өтініш берушіден зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімнен алып тастау туралы арыз түскен кезде "Өтініш берушінің арызы негізінде зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.SP.01.PRC.005) рәсімі орындалады, оның нәтижесінде зияткерлік меншік объектісі бірыңғай тізілімнен алып тасталады, өтініш беруші мен уәкілетті органға бұл туралы хабарлама жіберіледі.

Зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімнен алып тастауға Регламенттің 46-тармағында көрсетілген және өтініш берушінің арызына байланысы жоқ негіздер туындаған кезде "Өтініш берушінің арызына байланысы жоқ негіздер туындаған кезде зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау" (P.SP.01.PRC.006) рәсімі орындалады, оның нәтижесінде зияткерлік меншік объектісі бірыңғай тізілімнен алып тасталады, өтініш беруші мен мүше мемлекеттің уәкілетті органына бұл туралы хабарлама жіберіледі не зияткерлік меншік объектісі бірыңғай тізілімде өзгеріссіз сақталады.

Тауарлардың айналымына жататын мәліметтерге өтініш беруші өзгерістер (толықтырулар) енгізген кезде "Тауарлардың айналымына жататын мәліметтерді өзгерту (толықтыру)" (P.SP.01.PRC.007) рәсімі орындалады, оның нәтижесінде бірыңғай тізілімдегі тауарлардың айналымына жататын мәліметтер өзгертіледі (толықтырылады), өтініш беруші мен мүше мемлекеттің уәкілетті органына бұл туралы хабарлама жіберіледі.

Өтініштер мен өзге арыздарды қалыптастыруды және беруді, тауарлардың айналымына жататын мәліметтерге өзгерістер енгізуді өтініш беруші Одақтың ақпараттық порталындағы өтініш берушінің жеке кабинетінің сервистерін пайдалану арқылы электронды түрде жүзеге асырады. Өтініш берушімен өзара іс-қимыл жасау үшін Комиссия тарапынан Одақтың ақпараттық порталының ішкі бөлігінде орналасқан Комиссияның лауазымды тұлғасының (қызметкерінің) жеке кабинетінің сервистері пайдаланылады.

16. "Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдер тобының (P.SP.01.PGR.001) келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. "Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдер тобын (P.SP.01.PGR.001) орындаудың жалпы схемасы

17. "Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдер тобына (P.SP.01.PGR.001) кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте

"Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдер тобына (P.SP.01.PGR.001) кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.SP.01.PRC.001	зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу	рәсім өтініш берушінің зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу туралы арызын қарауға және мүше мемлекеттердің аумағында зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғауға арналған
P.SP.01.PRC.002	өтініш берушінің бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы арызын қарау	рәсім өтініш берушінің бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы арызын қарауға және бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу туралы шешім қабылдауға не бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізуден бас тартуға арналған
P.SP.01.PRC.003	бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу	рәсім өтініш берушінің арызы негізінде немесе техникалық сипаттағы түзетулер енгізу қажеттігіне байланысты бірыңғай тізілімге өзгерістер (толықтырулар) енгізуге арналған
P.SP.01.PRC.004	қорғау мерзімін ұзарту	рәсім зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау мерзімін ұзартуға арналған
P.SP.01.PRC.005	өтініш берушінің арызы негізінде зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау	рәсім өтініш берушінің арызы негізінде зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастауға арналған
P.SP.01.PRC.006	өтініш берушінің арызына байланысы жоқ негіздер туындаған кезде зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастау	рәсім өтініш берушінің арызына байланысы жоқ негіздер туындаған кезде зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімнен алып тастауға арналған
P.SP.01.PRC.007	тауарлардың айналымына жататын мәліметтерді өзгерту (толықтыру)	рәсім тауарлардың айналымына жататын мәліметтерге өзгерістер (толықтырулар) енгізуге арналған

5. "Бірыңғай тізілімді пайдалану рәсімдері" рәсімдер тобы (P.SP.01.PGR.002)

18. Бірыңғай тізілімді пайдалану рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен, өтініш берушілерден немесе мүдделі тұлғалардан тиісті технологиялық сұрату алынған кезде орындалады.

Бірыңғай тізілімді пайдалану рәсімдерін орындау шеңберінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен түсетін технологиялық сұратудың мынадай түрлері өңделеді:

бірыңғай тізілімнің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату;

тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату;

бірыңғай тізілімге енгізілген өзгерістер (толықтырулар) туралы ақпарат сұрату;
тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің өзгертілуі (толықтырылуы) туралы ақпарат сұрату.

Бірыңғай тізілімнің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату немесе тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат сұрату қажет болған кезде "Тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы немесе бірыңғай тізілімнің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу" (P.SP.01.PRC.008) рәсімі орындалады.

Бірыңғай тізілімге енгізілген өзгерістер (толықтырулар) туралы ақпарат сұрату қажет болған кезде "Бірыңғай тізілімге енгізілген өзгерістер (толықтырулар) туралы ақпарат алу" (P.SP.01.PRC.009) рәсімі орындалады.

Тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің өзгерістері (толықтырылуы) туралы ақпарат сұрату қажет болған кезде "Тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің өзгерістері (толықтырылуы) туралы ақпарат алу" (P.SP.01.PRC.010) рәсімі орындалады.

Жеке кабинет сервисін пайдалану арқылы өтініш беруші Комиссияға бірыңғай тізілімнен үзінді көшірме беру туралы технологиялық сұрату жібереді.


Бірыңғай тізілімнен үзінді көшірме беру туралы технологиялық сұрату түскен кезде "Бірыңғай тізілімнен үзінді көшірме алу" (P.SP.01.PRC.011) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижесінде бірыңғай тізілімнен үзінді көшірме қалыптастырылады және өтініш берушіге ұсынылады.

Мүдделі тұлғалардан не Одақтың ақпараттық порталы арқылы олардың ақпараттық жүйелерінен техникалық сұрату алынған кезде "Мүдделі тұлғалардың сұратуы бойынша бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу" (P.SP.01.PRC.012) рәсімі орындалады, оны орындау нәтижесінде мүдделі тұлғаларға бірыңғай тізілімнен сұратылған мәліметтер беріледі.

Мүдделі тұлғаларға таңдалған параметрлер бойынша іздеу (филтрлеу) және ақпаратты сыртқы файлдарға жүктеу мүмкіндігімен бірыңғай тізілімнен өзекті ақпарат беру Одақтың ақпараттық порталындағы сервистер құралдарымен қамтамасыз етіледі.

Сыртқы ақпараттық жүйенің сұратуы бойынша таңдалған параметрлер бойынша іздеу (филтрлеу) мүмкіндігімен бірыңғай тізілімнен өзекті ақпарат беру Одақтың ақпараттық порталындағы сервистер құралдарымен қамтамасыз етіледі.

19. "Бірыңғай тізілімді пайдалану рәсімдері" (P.SP.01.PGR.002) рәсімдер тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. "Бірғыңғай тізілімді пайдалану рәсімдері" (P.SP.01.PGR.002) рәсімдер тобын орындаудың жалпы схемасы

20. "Бірғыңғай тізілімді пайдалану рәсімдері" (P.SP.01.PGR.002) рәсімдер тобына кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

"Бірғыңғай тізілімді пайдалану рәсімдері" (P.SP.01.PGR.002) рәсімдер тобына кіретін ортақ процесс рәсімдерінің тізбесі

--	--	--

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SP.01.PRC.008	тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің жаңартылған күні мен уақыты туралы немесе бірыңғай тізілімнің жаңартылған күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталып тұрған бірыңғай тізілімнің мәліметтерін Комиссиядағы бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтермен синхрондау қажеттігін бағалауға арналған
P.SP.01.PRC.009	бірыңғай тізілімге енгізілген өзгерістер (толықтырулар) туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталып тұрған бірыңғай тізілімнің мәліметтерін Комиссиядағы бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтермен синхрондауға арналған
P.SP.01.PRC.010	тауарлардың айналымына жататын мәліметтердің өзгерістері (толықтырылуы) туралы ақпарат алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталып тұрған, тауарлардың айналымына жататын мәліметтерді Комиссиядағы бірыңғай тізілімнің құрамында сақталып тұрған, тауарлардың айналымына жататын мәліметтермен синхрондауға арналған
P.SP.01.PRC.011	бірыңғай тізілімнен үзінді көшірме алу	рәсім өтініш берушінің сұратуы бойынша бірыңғай тізілімнен үзінді көшірме алуға арналған
P.SP.01.PRC.012	мүдделі тұлғалардың сұратуы бойынша бірыңғай тізілімнен мәліметтер алу	рәсім Одақтың ақпараттық порталы не Одақтың ақпараттық порталына орналастырылған сервистер арқылы бірыңғай тізілімде қамтылған мәліметтерді алуға арналған

V. Ортақ процестің ақпараттық объектілері

21. Олар туралы мәліметтер немесе олардан алынатын мәліметтер ортақ процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесіне берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
		зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосу туралы

P.SP.01.BEN.001	өтініш және тіркеу нысандары	өтініш және Регламентке сәйкес оған қоса берілетін тіркеу нысандары
P.SP.01.BEN.002	бірыңғай тізілім	зияткерлік меншік объектілерінің бірыңғай кедендік тізілімі, ол мүше мемлекеттердің кеден органдары оларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 124-бабында көзделген шараларды қабылдайтын зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтердің жиынтығын білдіреді
P.LL.09.BEN.003	тауарлардың айналымына жататын мәліметтер	зияткерлік меншік объектілеріне жататын, Регламенттің 45-тармағында айқындалған мәліметтер

VI. Ортақ процеске қатысушылардың жауаптылығы

22. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Ортақ процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Тип	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.001	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	әлем елдерінің атаулары мен оларға тиісті кодтардың тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)

P.CLS.002	валюталар сыныптауышы	сыныптауыш	валюталардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.003	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы (ЕАЭО СЭҚ ТН)	сыныптауыш	Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы тауарларының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.015	көлік және тауарларды тасымалдау түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	көлік құралдары және тауарларды тасымалдау түрлерінің және оларға тиісті кодтардың тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.018	жүк, қаптама және қаптау материалдары түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	жүк, қаптама және қаптау материалдары түрлерінің атаулары мен оларға тиісті кодтардың тізбесін қамтиды (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 қыркүйектегі № 378 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.025	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының сыныптауышы	сыныптауыш	мүше мемлекеттердің кеден органдарының кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.027	зияткерлік меншік саласында, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың зияткерлік меншік объектілерін тіркеумен байланысты рәсімдерді жүргізу кезінде пайдаланылатын құжаттар түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	зияткерлік меншік саласында, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың зияткерлік меншік объектілерін тіркеумен байланысты рәсімдерді жүргізу кезінде пайдаланылатын құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды


P.CLS.037	белгілерді тіркеу үшін тауарлардың және қызметтер көрсетудің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	белгілерді тіркеу мақсаттарына арналған тауарлардың және қызметтер көрсетудің халықаралық сыныптауышы (МКТУ) (1957 жылғы 15 маусымда Ниццеде жасалған Белгілерді тіркеу үшін тауарлар мен қызметтердің халықаралық жіктемесі туралы келісімге сәйкес қолданылады)
P.CLS.051	жеке басты куәландыратыны құжаттар түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	жеке басты куәландыратыны құжаттар түрлерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды (Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 2 сәуірдегі № 53 шешіміне сәйкес қолданылады)
P.CLS.068	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде шаруашылық жүргізуші субъектілерді мемлекеттік тіркеген кезде оларды сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы (мемлекеттік тіркеу рәсімін жүргізген кезде мемлекеттік тізілім (тіркелім) бойынша шаруашылық жүргізуші субъектіге белгіленетін нөмірдің (кодтың) түрін айқындайды)	анықтамалық	мүше мемлекеттерде шаруашылық жүргізуші субъектілерді мемлекеттік тіркеген кезде оларды сәйкестендіру әдістерінің тізбесін қамтиды

VIII. Ортақ процесс рәсімдері


1. Бірыңғай тізілімді қалыптастыру және жүргізу рәсімдері

"Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу" рәсімі (P.SP.01.PRC.001)


24. "Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу" (P.SP.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы 4 – 6-суреттерде берілген.



4-сурет. P.SP.01.OPR.001 – P.SP.01.OPR.005 операциялары үшін "Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу" (P.SP.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы



5-сурет. P.SP.01.OPR.006 – P.SP.01.OPR.017 операциялары үшін "Зияткерлік меншік объектілерін бірінғай тізілімге қосу" (P.SP.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы



6-сурет. P.SP.01.OPR.018 – P.SP.01.OPR.025 операциялары үшін "Зияткерлік меншік объектілерін бірінғай тізілімге қосу" (P.SP.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

25. "Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу" (P.SP.01.PRC.001) рәсімі өтініш беруші өтініш берген кезден бастап орындалады.

26. "Өтініш пен қоса берілетін құжаттарды алу және белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру" (P.SP.01.OPR.001) алғашқы операция болып табылады, оның нәтижесінде Комиссия өтініш беруші ұсынған құжаттар мен мәліметтердің Регламенттің II бөлімінде айқындалған талаптарға сәйкестігін тексереді.

27. Комиссия өтінішті қарауды тоқтатуға алып келетін Регламенттің II бөлімінде айқындалған талаптарға сәйкессіздікті анықтаған жағдайда "Өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.002) операциясы орындалады.

28. Құжаттар мен мәліметтер толық көлемде ұсынылмаған жағдайда "Жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.003) операциясы орындалады, оны орындау нәтижесі бойынша Комиссия өтініш берушіге жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Комиссия Регламенттің 23-тармағында белгіленген мерзімдерде өтініш берушіден жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажеттігі туралы хабарламаға жауап күтеді.

29. Жетіспейтін құжаттар мен мәліметтер Регламенттің 23-тармағында белгіленген мерзімдерде ұсынылған жағдайда не көрсетілген мерзімдер аяқталған соң "Ұсынылған құжаттардың жиынтығын тексеру нәтижесі бойынша шешім қабылдау" (P.SP.01.OPR.004) операциясы орындалады, оның нәтижесінде Комиссия Регламентке сәйкес өтінішті қараудан бас тарту туралы шешім немесе көрсетілген өтінішті одан әрі қарау туралы шешім қабылдайды.

30. Өтінішті қараудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда "Өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.005) операциясы орындалады, оның нәтижесінде өтініш берушіге өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

31. Өтінішті одан әрі қарау туралы шешім қабылданған жағдайда "Өтініш пен тіркеу нысандарын уәкілетті органның қарауына жіберу" (P.SP.01.OPR.006) операциясы орындалады, оның нәтижесінде Комиссия өтініш пен тіркеу нысандарын әр мүше мемлекеттің уәкілетті органының қарауына жібереді.

32. Өтініш пен тіркеу нысандарын алған соң уәкілетті орган оларды алғанын және өңделгенін "Өтініш пен тіркеу нысандарын уәкілетті органда қабылдау және өңдеу" (P.SP.01.OPR.007) операциясын орындау шеңберінде растайды, оны орындау нәтижесі бойынша өтініш пен тіркеу нысандарының қабылданғаны мен өңделгені туралы технологиялық хабарламаны қалыптастырады және жібереді.

33. Комиссия өтініш пен тіркеу нысандарының қабылданғаны мен өңделгені туралы хабарламаны алған кезде "Өтініш пен тіркеу нысандарының қабылдау және өңдеу туралы хабарламаны алу" (P.SP.01.OPR.008) операциясы орындалады.

34. Өтініш беруші өтініш берген кезден бастап Комиссия түпкілікті шешім қабылдағанға дейінгі кезеңде өтініш беруші көрсетілген өтінімді кері қайтарып алуға құқылы. Бұл жағдайда "Өтінішті қайтарып алу туралы арызды алу" (P.SP.01.OPR.009) операциясы орындалады, оның шеңберінде өтініш беруші өтінішті қайтарып алу туралы арыз береді, ал Комиссия оны алады.

35. Өтінішті қайтарып алу туралы арыз көрсетілген өтініш пен тіркеу нысандары мүше мемлекеттің уәкілетті органына беріген кездеп бастап Комиссия түпкілікті шешім қабылдағанға дейінгі кезеңде түссе, "Уәкілетті органды өтінішті қайтарып алу туралы хабардар ету" (P.SP.01.OPR.010) операциясы орындалады, оның нәтижесінде әр мүше мемлекеттің уәкілетті органына бұрын берілген өтінішті қайтарып алу туралы мәліметтер жіберіледі.

36. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына бұрын берілген өтінішті қайтарып алу туралы мәліметтер түскен кезде "Өтінішті қайтарып алу туралы мәліметтерді алу" (P.SP.01.OPR.011) операциясы орындалады, оның нәтижесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы бұрын берілген өтінішті қайтарып алу туралы мәліметтердің алынғаны мен өңделгенін растайды. Содан соң "Өтінішті қайтарып алу туралы мәліметтердің алынғаны туралы хабарламаны қабылдау" (P.SP.01.OPR.012) операциясы орындалады, оның нәтижесі бойынша Комиссия мүше мемлекеттің уәкілетті органының өтінішті қайтарып алу туралы мәліметтерді алғаны және оларды өңдегені туралы хабарламаны қабылдайды.

37. Мүше мемлекеттің уәкілетті органы өтініш пен тіркеу нысандарын алған және өңдеген кезден бастап "Өтініш пен тіркеу нысандарының мәліметтерін уәкілетті органның тексеруі" (P.SP.01.OPR.013) операциясы орындалады. Операцияны орындау нәтижесінде бас тарту үшін негіздер болған кезде Комиссияға уәкілетті органның зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосудан бас тартуы жіберіледі, ал бас тарту үшін негіздер болмаған кезде зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы технологиялық хабарлама жіберіледі. Бұл операция өтініште көрсетілген әрбір зияткерлік меншік объектісіне қатысты орындалады.

38. Комиссия зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы технологиялық хабарламаны немесе уәкілетті органның зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосудан бас тартуын алған кезде "Өтініш пен тіркеу нысандарын уәкілетті органның тексеруі нәтижесі бойынша мәліметтерді алу және өңдеу" (P.SP.01.OPR.014) операциясы орындалады, оның нәтижесі бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органына тиісті хабарлама жіберіледі.

39. Уәкілетті органға мәліметтердің алынғаны және өңделгені туралы хабарлама түскен кезде "Хабарламаны алу және өңдеу" (P.SP.01.OPR.015) операциясы орындалады, оның шеңберінде көрсетілген хабарламаны өңдеу жүзеге асырылады.

40. Өтініш пен тіркеу нысандарын тексеру нәтижесі бойынша Комиссияға барлық мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан мәліметтер түскен кезде "Объектіні

бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы немесе объектіні бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы шешім қабылдау" (P.SP.01.OPR.016) операциясы орындалады, оның нәтижесінде объектіні бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы шешім немесе объектіні бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы шешім қабылданады.

41. Егер Регламенттің 25-тармағында белгіленген мерзімдер шеңберінде тым болмаса бір мүше мемлекеттің уәкілетті органынан бас тарту түссе, "Объектіні бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.017) операциясы орындалады, оның нәтижесінде Комиссия өтініш берушіге уәкілетті органдардың зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосудан бас тартуларымен қоса, зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

42. Егер Регламенттің 25-тармағында белгіленген мерзімдер шеңберінде әр мүше мемлекеттің уәкілетті органынан зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы технологиялық хабарламалар түссе, "Объектіні бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.018) операциясы орындалады, оның нәтижесінде Комиссия өтініш берушіні объектіні бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы хабарлар етеді.

43. Регламенттің 29-тармағында белгіленген мерзімдерде өтініш беруші Комиссияға қамтамасыз етуді немесе қамтамасыз етудің өзі куәландырған көшірмелерін ұсынса не Регламенттің 29-тармағында белгіленген мерзімдер өткен соң "Объектіні бірыңғай тізілімге қосу немесе қосудан бас тарту туралы шешім қабылдау" (P.SP.01.OPR.019) операциясы орындалады, оның нәтижесінде Комиссия объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы шешім немесе объектіні бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

44. Объектіні бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда "Объектіні бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.020) операциясы орындалады, оның нәтижесінде өтініш берушіге зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

45. Объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы шешім қабылданған жағдайда "Объектіні бірыңғай тізілімге қосу және бірыңғай тізілімнің мәліметтерін жариялау" (P.SP.01.OPR.021) операциясы орындалады, оның нәтижесінде Комиссия Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу туралы шешімді дайындайды, зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосуды және бірыңғай тізілім мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді. Содан кейін "Өтініш берушіге объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.022) және "Уәкілетті органға объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.023) операциялары орындалады.

46. "Өтініш берушіге объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.022) операциясы өтініш берушіні объектінің бірыңғай тізілімге қосылғаны туралы хабардар ету мақсатында орындалады.

47. "Уәкілетті органға объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.023) операциясын орындау нәтижесінде зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама әр мүше мемлекеттің уәкілетті органына жіберіледі.

48. "Уәкілетті органға объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.023) операциясы орындалғаннан кейін "Объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама алу" (P.SP.01.OPR.024) операциясы орындалады, оның нәтижесінде зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама алынады және мүше мемлекеттің уәкілетті органында өңделеді, хабарламаның өңделгені туралы растау қалыптастырылып, Комиссияға жіберіледі.

49. "Хабарламаның өңделгені туралы растау алу" (P.SP.01.OPR.025) операциясы Комиссияға зияткерлік меншік объектісін бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарламаны мүше мемлекеттің уәкілетті органында өңдеу туралы растау түскен кезде орындалады.

50. Одақ порталында жарияланған жаңартылған бірыңғай тізілім және өтініш беруші мен барлық мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын бұл туралы хабардар ету не өтініш берушіге сұратылған іс-қимылдан бас тарту жіберу "Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу" (P.SP.01.PRC.001) операциясын орындау нәтижесі болып табылады.

51. "Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу" (P.SP.01.PRC.001) операциясын орындау кезінде жүзеге асырылатын операциялар тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

"Зияткерлік меншік объектілерін бірыңғай тізілімге қосу" (P.SP.01.PRC.001) операциясын орындау кезінде жүзеге асырылатын операциялар тізбесі

Кодтық белгіленім	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SP.01.OPR.001	өтініш пен қоса берілетін құжаттарды алу және белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.002	өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жіберу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.003	жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жіберу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.004	ұсынылған құжаттардың жиынтығын тексеру нәтижесі бойынша шешім қабылдау	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

P.SP.01.OPR.005	өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жіберу	осы Қағидалардың 11-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.006	өтініш пен тіркеу нысандарын уәкілетті органның қарауына жіберу	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.007	өтініш пен тіркеу нысандарын уәкілетті органда қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.008	өтініш пен тіркеу нысандарының қабылдау және өңдеу туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.009	өтінішті қайтарып алу туралы арызды алу	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.010	уәкілетті органды өтінішті қайтарып алу туралы хабардар ету	осы Қағидалардың 16-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.011	өтінішті қайтарып алу туралы мәліметтерді алу	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.012	өтінішті қайтарып алу туралы мәліметтердің алынғаны туралы хабарламаны қабылдау	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.013	өтініш пен тіркеу нысандарының мәліметтерін уәкілетті органның тексеруі	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.014	өтініш пен тіркеу нысандарын уәкілетті органның тексеруі нәтижесі бойынша мәліметтерді алу және өңдеу	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.015	хабарламаны алу және өңдеу	осы Қағидалардың 21-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.016	объектіні бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы немесе объектіні бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы шешім қабылдау	осы Қағидалардың 22-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.017	объектіні бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы хабарлама жіберу	осы Қағидалардың 23-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.018	объектіні бірыңғай тізілімге қосу мүмкіндігі туралы хабарлама жіберу	осы Қағидалардың 24-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.019	объектіні бірыңғай тізілімге қосу немесе қосудан бас тарту туралы шешім қабылдау	осы Қағидалардың 25-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.020	объектіні бірыңғай тізілімге қосудан бас тарту туралы хабарлама жіберу	осы Қағидалардың 26-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.021	объектіні бірыңғай тізілімге қосу және бірыңғай тізілімнің мәліметтерін жариялау	осы Қағидалардың 27-кестесінде келтірілген

P.SP.01.OPR.022	өтініш берушіге объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама жіберу	осы Қағидалардың 28-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.023	уәкілетті органға объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама жіберу	осы Қағидалардың 29-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.024	объектіні бірыңғай тізілімге қосу туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 30-кестесінде келтірілген
P.SP.01.OPR.025	хабарламаның өңделгені туралы растау алу	осы Қағидалардың 31-кестесінде келтірілген

7-кесте

"Өтініш пен қоса берілетін құжаттарды алу және белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру" (P.SP.01.OPR.001) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SP.01.OPR.001
2	Операцияның атауы	өтініш пен қоса берілетін құжаттарды алу және белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	өтініш берушіден өтініш түскен кезде орындалады
5	Шектеулер	белгіленген талаптарға сәйкестікті тексеру Регламенттің 23-тармағында белгіленген мерзім ішінде жүргізіледі
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы өтініш берушіден өтінішті, тіркеу нысандары мен қоса берілетін құжаттарды қабылдайды және мәлімделген мәліметтер мен қоса берілген құжаттардың Регламент талаптарына сәйкестігін тексереді
7	Нәтижелер	өтініш беруші ұсынған құжаттар мен мәліметтердің талаптарға сәйкестігі тексерілді

8-кесте

Операцияның сипаттамасы "Өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.002) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SP.01.OPR.002
2	Операцияның атауы	өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жіберу

3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	өтінішті қарауды тоқтатуға алып келетін Регламент талаптарына сәйкессіздік анықталған жағдайда орындалады ("Өтініш пен қоса берілетін құжаттарды алу және белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру" (P.SP.01.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	бас тарту себептері көрсетілген хабарлама өтініш берушіге Регламенттің 9-тармағының он бірінші абзацында және 18-тармағының төртінші абзацында белгіленген мерзімдерде жіберіледі
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы бас тарту себептері көрсетіп, өтініш берушіге өтінішті қараудан бас тарту туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелер	өтініш берушіге өтінішті қараудан бас тарту туралы бас тарту себептері көрсетілген хабарлама жіберілді

9-кесте

"Жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жіберу" (P.SP.01.OPR.003) операциясының сипаттамасы

Р/с №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SP.01.OPR.003
2	Операцияның атауы	жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жіберу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	құжаттар мен мәліметтер толық көлемде берілмеген жағдайда орындалады (өтінішті қараудан бас тартуға әкелмейтін "Өтініш пен қоса берілетін құжаттарды алу және белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру" (P.SP.01.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	хабарлама өтініш берушіге Регламенттің 23-тармағында белгіленген мерзімдерде жіберіледі
		орындаушы жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажеттігі

6	Операцияның сипаттамасы	туралы хабарламаны қалыптастырып, өтініш берушіге жібереді
7	Нәтижелер	өтініш берушіге жетіспейтін құжаттар мен мәліметтерді ұсыну қажеттігі туралы хабарлама жіберілді

10-кесте

"Ұсынылған құжаттардың жиынтығын тексеру нәтижесі бойынша шешім қабылдау" (P.SP.01.OPR.004) операциясының сипаттамасы

P/c №	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленім	P.SP.01.OPR.004
2	Операцияның атауы	ұсынылған құжаттардың жиынтығын тексеру нәтижесі бойынша шешім қабылдау
3	Орындаушы	Комиссия
